

## СИЛЛАБУС

«7M01802- Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасы  
2023-2024 оқу жылының көктемгі семестрі

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өздік жұмысы МӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өздік жұмысы (ОМӨЖ)	
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)			
ID 89205 Өзін-өзі танудың теориялық – әдіснамалық негіздері	5	15	30		5	7	
<b>Оқыту түрі</b>	<b>Циклі, компоненті</b>	<b>Дәрістің түрі</b>	<b>Семинар сабақтарының түрлері</b>		<b>Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы</b>		
Офлайн	П ()	Кіріспе, шолу, проблемалық, аналитикалық	Топтық, жұптық, жағдаяттық, тренингтік, жобалау т.б.		Ауызша емтихан Офлайн, «UNIVER» жүйесі		
Дәріскер	Әрінова Бақыт Айтуқызы						
e-mail:	baxit-a@mail.ru						
телефон:	+7 7015396777						
Ассистент	Құдайбергенова Әлия Маликовна						
e-mail:							
телефон:							
<b>ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ</b>							
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*	ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)					
Өзін-өзі танудың тарихи-философиялық, психологиялық-педагогикалық, аксиологиялық негіздерін теориялық-әдіснамалық тұрғыда тұжырымдау арқылы магистранттардың білімдерін жетілдіру, өзін-өзі дамыту тәжірибесіне дайындықтарын қалыптастыру.	1.Өзін-өзі тану үдерісінің философиялық негіздерін, психологиялық-педагогикалық аспектілерін, аксиологиялық, акмеологиялық мәселелерін және адамтанудың когнитивтік теорияларын ғылыми – теориялық талдау.	1.1 Өзін-өзі танудың философиялық негіздерін, психологиялық аспектілерін, педагогикалық мүмкіндіктерін, аксиологиялық және акмеологиялық мәселелерін ғылыми – теориялық талдайды; 1.2 Өзін-өзі танудың әдіснамалық тұғырларын, ұстанымдарын ғылыми тұрғыда сипаттап айтып бере алады ; 1.3 Пәннің мазмұндық құрылымын, теориялық және практикалық бағыттарын жіктеп түсіндіре алады.					
	2 Өзін-өзі танудың психологиялық теориялар контекстіндегі мәні және өзін-өзі танудың аксиологиялық негіздерін, құндылықтық бағдар туралы ғылыми ұғымдарды тұжырымдап дәйектеуге машықтандыру	2.1 Өзін-өзі тану тұлғаның даму заңдылығы екендігін мақсат, мотив және өзін-өзі жүзеге асыру нәтижесі ретінде талдайды; 2.2 Адам өмірінің мәні, болмыс пен әлем тұрғысындағы өзін-өзі тану үдерісінің әлеуметтік-мәдени тұғырларына, адамтанудың когнитивтік теорияларына түсініктеме жасайды; 2.3 Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың аадмгершілік мәнін түсіндіріп, жаһандық құзыреттер түрінде өз пікірімен пайымдап жеткізе алады.					
	3.Өзін-өзі тану құрылымындағы рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесін; өзін-өзі танудың әлеуметтік-мәдени тұғырларын, өзін-өзі танудың когнитивтік теориялары мен технологияларын кәсіби қызметте пайдаланудың әдіс-тәсілдерін меңгерту .	3.1 Болашақ маман ретінде педагогтің өзін-өзі тану және дамыту әдістерін біледі, әртүрлі жағдайларда қолдана алады; 3.2 Жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін білу және оларды өмірде тиімді қолдануға құзіреттілік танытады; 3.3. Рефлексия, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын біледі, өмірлік маңызды шешімдерді түсінеді; 3.4 Өзін-өзі тану және рухани- адамгершілік білім берудің мазмұнын, құрылымын, мәнін теориялық және практикалық тұрғыдан түсіндіре алады.					

	<p>4. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламаларының мазмұндық-құрылымын талдау; пәнді оқыту барысында қалыптасатын күзінреттіліктерді анықтау.</p>	<p>4.1 «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламаларының мазмұндық- құрылымын жүйелі түрде талдай алады;</p> <p>4.2 Тұлғааралық қарым-қатынаста ізгілікті педагогика шарттарын ұстанып, педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін көрсетеді;</p> <p>4.3 Өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі бағалау , ішкі белсенділігі мен дербестігін көрсете біледі, өз шешімдеріне жауапкершілікпен қарауға мүдделі бола алады;</p> <p>4.4 Пәннің теориялық мәселелерін талдауда және практикалық семинар сабақтарында өзін-өзі жүзеге асыруға қажетті құзыреттіліктерді қолдана алады.</p>
	<p>5.Топтағы ынтымақтастықты сақтау және әлеуметтік өзара байланысты орнату; топта жұмыс жасай білу және топтың шешімін қабылдауға, өз пікірін дәйектей алу күзінреттіліктерін дамыту .</p>	<p>5.1 Пән бойынша орындалатын жазба жұмыстарының әдістемелік талаптарын біледі, орынды қолданады;</p> <p>5.2 Топта, командада жұмыс жасайды, ұжымдық әрекетке түсе алады;</p> <p>5.3Эссе, баяндама, шығарма, реферат, конспект жоспарлап жазу жұмыстарын шығармашылық тұрғыда орындауға қабілеттілік танытады.</p>
<p><b>Пререквизиттер</b></p>	<p>Гуманды педагогиканың теориялық – әдіснамалық негіздері</p>	
<p><b>Постреквизиттер</b></p>	<p>Өзін- өзі танудың қазіргі тұжырымдамалары</p>	
<p><b>Оқу ресурстары</b></p>	<p><b>Әдебиеттер негізгі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тузов В .В.Теория и практика самопознания: учебное пособие / Минобрнауки России,Санкт-Петербургский гос.электротехнический ун -т "ЛЭТИ". - Санкт-Петербург : ЛЭТИ, 2014. – 80с</li> <li>2. Әрінова Б.А. Өзін өзі тану: теория және практика-Алматы: Қазақ университеті, 2020.-138 б.</li> <li>3. Байлук В.В. Человекознание. Основы самопознания и самореализации личности 2 кн. Кн1.Основы сомопознания личности. - Екатеринбург,2010.</li> <li>4. Маралов В. Г. Основы самопознания и саморазвития: учеб.пос для студ.сред.пед.учеб,завед.-М.:Изд.центр «Академия», 2004. 256 с.</li> <li>5. С.Ж. Пірәлиев, О.С. Сангилбаев, М.А. Қуаналиева . Өзін тану және дамыту (оқу құралы) – Алматы: Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, 2011. -250 бет.</li> <li>6. Минюрова С.А. Психология самопознания и саморазвития.Учебник Урал.гос.пед ун-т.- Екатеринбург.2013.-316 с</li> <li>7. Шалғынбаева Қ.Қ, Жұмабекова Ф.Н.,Омарбекова А.И. Өзін-өзі танудың теориялық-әдістемелік негіздері. Астана. Фолиант., 2019</li> <li>8. Перминова Л.М. Самопознание: путь к себе (рефлексивно-дидактическая система обучения самопознанию в образовательном процессе). Изд.2-е. - М., 2009.</li> <li>9. Гасанова Д.И., Гасанова П.Г., Аминова Д.К., Магомедова З.Ш., Махаева Г.М., Цахаева А.А. Психология практического самопознания .– Киев: Общество с ограниченной ответственностью "Финансовая Рада Украины" (Киев). – 2017. – 152 с.</li> </ol> <p><b>Қосымша:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Рысбаева А.Қ, Жұмабекова Ф.Н., Омарбекова А.И. Өзін-өзі тану. Оқулық. Фолиант. Астана. 2019. – 326 б</li> <li>2. Философия в духовном развитии человека на пороге третьего тысячелетия: нип / науч.рук. Косиченко А. Г., Институт философии и политологии МОН РК. – Алматы, 2002.</li> <li>3. Абдеев Р.Ф. Философия информационной цивилизации: Диалектика прогрессивной линии развития как гуманная общечеловеческая философия для XXI в. – М., 1994.</li> </ol> <p><b>Интернет-ресурстар</b></p> <p><a href="http://ozin-oz-tanu.kz/">http://ozin-oz-tanu.kz/</a> «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілікке оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми білім беру порталы</p>	
<p><b>Пәннің академиялық саясаты</b></p>	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айкындалады.</p> <p>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.</p> <p><b>Ғылым мен білімнің интеграциясы.</b> Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім</p>	

алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.

**Сабаққа қатысуы.** Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

**Академиялық адалдық.** Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.

**Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері.** Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.

Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail baxit-a@mail.ru немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы кеңестік көмек ала алады.

**МООС интеграциясы (massive openonline course).** МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.

**Назар салыңыз!** Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

#### БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі			Бағалау әдістері												
<b>Баға</b>		<b>Баллдардың сандық баламасы</b>	<b>Дәстүрлі жүйедегі баға</b>												
A	4,0	95-100	Өте жақсы												
A-	3,67	90-94													
B+	3,33	85-89	Жақсы												
B	3,0	80-84													
B-	2,67	75-79													
C+	2,33	70-74													
C	2,0	65-69													
C-	1,67	60-64													
D+	1,33	55-59													
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлық												
			Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.												
			Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.												
			Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.												
			<table border="1" style="width: 100%;"> <thead> <tr> <th>Формативті және жиынтық бағалау</th> <th>% мәндегі баллдар</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Дәрістердегі белсенділік</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі</td> <td>25</td> </tr> <tr> <td>Өзіндік жұмысы</td> <td>25</td> </tr> <tr> <td>Жобалық және шығармашылық қызметі</td> <td>10</td> </tr> <tr> <td>Қорытынды бақылау (емтихан)</td> <td>40</td> </tr> </tbody> </table>	Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар	Дәрістердегі белсенділік		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	25	Өзіндік жұмысы	25	Жобалық және шығармашылық қызметі	10	Қорытынды бақылау (емтихан)	40
Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар														
Дәрістердегі белсенділік															
Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	25														
Өзіндік жұмысы	25														
Жобалық және шығармашылық қызметі	10														
Қорытынды бақылау (емтихан)	40														

FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз	ЖИЫНТЫҒЫ	100
F	0	0-24			

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Апта	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
<b>1 МОДУЛЬ. ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b>			
1	Д 1. «Өзін-өзі танудың теориялық – әдіснамалық негіздері» оқу курсының құрылымдық-мазмұндық жүйесі. СС 1. ӨӨТТӘН пәнінің мақсаты мен міндеттері және оқыту талаптары.	1	
2	Д 2. Өзін-өзі тану философиялық ғылымдар құрылымының өлшемі ретінде: таным үдерісі және адамның өзін-өзі тануы мәселелері. СС 2. Өзін-өзі танудың қоғамдық -әлеуметтік мәні: даму және қалыптасу заңдылықтары. ОМӨЖ 1. МӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру.	2 1 2	7  7
3	Д 3. Өзін-өзі танудың онтологиялық теориялары: адам және болмыс. СС 3. Өзін -өзі тануға деген антропологиялық көзқарас (К.Д.Ушинский, Н.А. Бердяев, Р.Штайнер) еңбектеріндегі өзін-өзі тану теориялары. МӨЖ 1. «Өзін-өзі тану» ұғымына ғылыми еңбектердегі ой-пікірлерге сәйкес терминологиялық- түсіндірмелі сөздік құрастыру.	1 2	 7 25
4	Д 4. Өзін-өзі танудың аксиологиялық негіздері: орта ғасыр, қайта өрлеу, жаңа дәуір және XIX-XX ғасырлардағы батыс және орыс философиясындағы өзін-өзі тану теориялары СС 4. Д.Г.Сковороданың философиялық тұжырымдамаларындағы таным теориясы және өзін-өзі тану идеялары ОМӨЖ 2. МӨЖ 2 орындау бойынша кеңес беру. Дағдарыстың түрлері (жеке тұлғалық, қоғамдық, экологиялық) жаһандық дағдарыстан шығу жолдарын анықтау.	1 2	 7
5	Д 5. Шығыс дүниетанымындағы өзін-өзі тану мәселесінің рухани-адамгершілік негіздері және ізгілікті - құндылықтық бағдарлары . СС 5. Қазақ дүниетанымындағы руханилық пен адамгершілік идеялары. ОМӨЖ3. I модуль бойынша теориялық ұғымдарды зерделеу	1 2	 7
<b>2 МОДУЛЬ. ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ҮДЕРІСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ</b>			
6	Д 6. Өзін-өзі танудың психологиялық теориялар контекстіндегі мәні . СС 6. «Мен» тұжырымдамасы. Джохари терезесі) - өзін-өзі тану құралы.	1	
7	Д 7. Лоуренс Кольбергтің адамгершілік даму теориясы. СС7. Рефлексия және сәйкестілік -өзін-өзі тану механизмдері ретінде. МӨЖ2. Өзін-өзі дамыту ұстанымдары: «Таза тақта» теориясы Дэвид Хьюм. Мен-реалды. Мен-идеалды. Менің – бағалауым. Жоба тақырыбын құрастыру. (таңдау негізінде) АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ 1	2 1 2	7  8 25
8	Д 8. Тұлғаның даму заңдылықтары мақсат пен мотивтің өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру нәтижесі ретіндегі мәні . СС8. Өзіндік сана құрылымындағы « тән-жан-рух» бірлігі. ( Мен өмірімді өзгерте аламын... В.Уилбердің трансперсоналды тұжырымдамасы) . ОМӨЖ4. Тапсырмалар бойынша МӨЖ 3 кеңес беру .	1 2	 7
9	Д 9. Өзін-өзі танудың экзистенциалды талдау және логотерапиядағы маңызы. СС9. Виктор Франклдің өмірдің мәніне талпыну теориясының негізгі ережелері.	1	
10	Д 10. Өзін-өзі танудың этнопсихологиялық қырлары және құндылықтар әлемі . СС10. Тұлғаның ішкі жан әлемі және оның жекедаралық өзіндік ерекшеліктері. МӨЖ3 «Өзін-өз тану» оқу курсы мазмұнындағы төрт Т» транс, традишн, транспаренси, толеранс) ұғымдары бойынша презентация жасап қорғау. 3 МОДУЛЬ. ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ЖӘНЕ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ	2 1 2	7  7 20
11	Д 11. Қазіргі білім беруді ізгілендірудің жаңа парадигмалары мен тұғырлары. СС 11. Әлемдік білім кеңістігіндегі рухани-адамгершілік білім берудің әдістемелік тұрғылары: салыстырмалы аспект.	1 2	 7
12	Д 12. Өзін-өзі танудың білім беру үдерісіндегі әдіснамалық және инновациялық функциялары. СС 12. Өзін-өзі тану үдерісінің қарым-қатынас құралы ретіндегі практикалық бағыттары. ОМӨЖ5. «Өзін-өзі танудағы тұлғааралық қарым-қатынастардың ізгілікті аспектілері» тақырыбында оқу курсының мазмұны бойынша пікір алмасу. МӨЖ4. «Адам әлемі»: Әл- Фараби, Абай, Шәкәрім және Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы адамның жетілуі мен кемелденуі мәселесі (эссе жазу )	1 2	 7  15

13	Д 13. Өзін-өзі танудың акмеологиялық негіздері: тұлғаның өзін-өзі дамытуы теорияларының психологиялық- педагогикалық мүмкіндіктері.	1	
	СС 13. Жалпыадамзаттық құндылықтар және жаһандық құзыреттердің өзін-өзі тану мен рухани-адамгершілік білім берудегі маңызы.	2	5
	ОМӨЖ6 Коллоквиум тапсырмалары бойынша кеңес беру		
14	Д 14. Жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген көшбасшылық теориялары.	1	
	СС14. Өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту педагогикалық үдерістің құрамдас бөлігі ретінде.	2	5
15	Д 15. Әлеуметтік- гуманитарлық білім - өзін-өзі танудың дүниетанымдық негіздерін қалыптастыру факторы.	1	
	ОМӨЖ 7 Қорытынды бақылауға дайындық емтихан талаптары бойынша кеңес беру .		
	СС 15 Өзін-өзі танудың кедергілері және оларды жеңу жолдары.	2	5
	МӨЖ 5. Адам өміріндегі жалпыадамзаттық құндылықтар иерархиясы (презентация)		15
Аралық бақылау 2			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100
Пән бойынша барлығы			100

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ  
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

**МӨЖ 1. «Өзін-өзі танудың теориялық – әдіснамалық негіздері» пәні бойынша қарастырылатын ұғымдарға глоссарий құрастыру**

Критерийі	«Өте жақсы» % макс. салмағы 22-25%	«Жақсы» % макс. салмағы 21-18%	«Қанағаттанарлық» % макс. салмағы 17-15%	«Қанағаттанарлықсыз» % макс. салмағы 0-10%
Кәсіби сәйкестілік және өзін-өзі танудың теориялық – әдіснамалық негіздерін, тұжырымдамаларын түсінуі	Магистрант «өзін-өзі тану», «өзін-өзі тану үдерісі, таным теориясы, өзін-өзі тану психологиясы, «МЕН» тұжырымдамасы және т.б ұғымдарды теориялық негіздеп тұжырымдаған авторлардың еңбектерін саралап құрастырған.	Әр ұғымның нақты мағынасын аша білген және оларды өзара салыстыра талдап, жіктеп көрсеткен. Теориялық-әдіснамалық негіздерге сүйенген.	Магистрант теориялық тұрғыда анықтамаларды жіктеп көрсете алмаған. Авторлардың еңбектеріне тек сілтеме жасап көшіріп жазған. Тапсырманы орындау деңгейі қанағаттанарлық	Глоссарий құрастыру талаптарына сәйкес келмейді. Әдебиеттерді, қайнар көздерді толық пайдалана алмаған. Терминдерді шатастырады.
Пәннің негізгі мәселелерін теориялық және практикалық аспектілерін ұғынуы	Магистрант өзін-өзі танудың теориялық негіздерін, өзге ғылым салаларымен байланысын интерпетациялап, салалық терминдермен ұштастыра алған.	Магистранттың ізденушілік қабілеті бар, әр анықтаманы нақты дәлелдеп талдайды, кілттік ұғымдарды меңгерген.	Өздік жұмыста көбінесе интернет материалдарын көшіріп беруге бейім. Өзінің ұсынысы, тұжырымы, пікірі нақты көрінбейді. Жұмысын қорғауы қанағаттанарлық.	Құжаттармен, әдебиеттермен жұмыс жасауда бірізділік жоқ, тек әрбір ұғымға берілген анықтаманы көшірген.
Саясат ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар / ұсыныстар	Өзін-өзі тану үдерісі, таным теориясы, өзін-өзі тану психологиясы, «МЕН» тұжырымдамасы және т.б ұғымдарға өз анықтамасын ұсынады.	Сын тұрғысынан ойлайды, өзіндік пікір ұсынады, теориялық ұғымдарға терминологиялық анықтама береді.	МӨЖ жұмысында өз ойын толық жеткізе алмайды, сыни ойлау тұрғысынан пікірлері әлсіз, әрі терең емес. Ұсыныстар бере алмайды.	Өздігінен сараптама, сыни пікір жасай алмаған. Терминдерді шатастырады, құрастыруда қателіктер кездеседі. Ұсынысы жоқ.
Жазу, APA style	Магистранттың жұмысы мазмұндық жағынан дұрыс, ғылыми негізде толық ашылған. Жазу стилі айқын, анықтамалар нақты тұжырымдалған.	Жұмыс жақсы орындалған, ғылыми стиль сақталған, өз қолтаңбасы бар.	Магистранттың өздік жұмысы кейбір нақтылықты талап етеді, біршама қателері де бар.	Өздік жұмыста қателіктер көп, өзінің ойын жүйелі жеткізе алмаған. Термин құрастыруда құзыреттілік танытпайды.

**МӨЖ2. Өзін-өзі дамыту ұстанымдары: «Таза тақта» теориясы Дэвид Хьюм. «Мен-реалды. Мен-идеалды. Менің – бағалауым» тақырыбына жоба құрастыру**

Критерийі	«Өте жақсы» % макс. салмағы 22-25%	«Жақсы» % макс. салмағы 21-18%	«Қанағаттанарлық» % макс. салмағы 17-15%	«Қанағаттанарлықсыз» % макс. салмағы 0-10%
-----------	------------------------------------	--------------------------------	--	--

Жоба құрастыруға байланысты өзін-өзі дамыту теорияларын, тұжырымдамаларды түсінуі	Магистрант тапсырмаға сәйкес жоба құрастыруға қатысты теорияларды, тұжырымдамаларды түсінеді, қолданады. Ғылыми еңбектерге сүйеніп, талдау жасаған. Жобаға қойылатын талаптарды ұстанады, нәтижесі толық.	Тапсырмаға сәйкес жоба құрастыруға қатысты теорияларды, тұжырымдамаларды қажетінше түсінеді, қолдануға тырысады. Күтілетін нәтиже көрсетілген.	Магистрант тапсырманы тақырыпты толық түсіне алмаған. Тапсырмаға сәйкес жоба құрастыруға қатысты теорияларды, тұжырымдамалар туралы жалпы түсінігі бар, алайда жобаның талаптарына терең бойламайды.	Тапсырма салғырт орындалған, магистранттың ойы, пікірі көрінбейді. Өзін-өзі дамыту ұстанымдарын, әдістерін білмейді. Жоба дайындаудың талаптарын, құрылысын, күтілетін нәтижелерді анықтай алмайды.
Жоба құрастыруға қойылатын талаптар легін ұғынуы, зерттеушілік бағытта талдай алуы	Магистранттың зерттеушілік қабілеті анық байқалады, ғылыми еңбектерге талдау жасап, өзін-өзі дамыту бойынша жобаның өзектілігін, тақырыбын, мақсаты мен міндеттерін айқындай алған. «Мен-идеалды. Менің - бағалауым» нақты талданған.	Магистрант тақырыпты түсінеді, жоба құрастыруға қойылатын талаптар тізбегін құрастырады, өзектілігі ашылған. «Мен» тұжырымдамасын жақсы біледі.	МӨЖ жұмысында біршама олқылықтар кездеседі, тақырып толық ашылмаған. Көбінесе жалпылама әдістерге сүйенеді, жаңашылдығы көрінбейді. «Мен-реалды, Мен-идеалды» ұғымдарын ашып бере алмайды.	МӨЖ талапқа сай емес, «Таза тақта» теориясын түсіндіре алмайды. Жоба құрастыру бойынша түсінігі әлсіз. Көшірме түрінде ұсынылған. Зерттеушілік бағыты айқын емес. Өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бағалау туралы өз ойын көрсетпеген.
Жоба құрастыру бойынша маңызды ұсыныстар беруі, практикалық ұсыныстар / ұсыныстар	МӨЖ тапсырмасының практикалық сипаты басым, магистрант теорияны практикамен ұштастыра білген. Қорытынды жасай алған. Ұсыныстары нақты.	Болашақ әлеуметтік педагог ретінде тұлғаның өзін-өзі дамытуы мәселесін түсінеді, тақырыпты теориялық негізде талдаған. Ұсынысы бар.	Толық талдау мен жинақтау көрінбейді. Жұмыстың маңыздылығын көрсете алмаған, ұсыныстары әлсіз. МӨЖ тапсырмасына ауытқушылық байқалады.	Жұмыстың орындалуы сапасыз. Өзінің ойы, пікірі ашық айтылмаған, ұсыныстары жоқ. МӨЖ тапсырмасының тақырыбы мүлдем ашылмаған.
Жұмыс тобы немесе командамен жұмыс	Магистранттың жоба құрастыру бойынша презентациясы теориялық тұрғыда дұрыс дайындалған, практикалық бағытта жеткілікті талданған, рәсімделуі талапқа сәйкес келеді. Көпшілік алдында өз ойын жеткізе алады. Жұмыс тобымен, командамен бірлесе жұмыс жасай алады.	Слайдтар жақсы дайындалған, жазу стилі дұрыс. Теориялық мәселені нақтылай түсу қажет. Жоба, бағдарлама құрастыру бойынша жұмыс тобымен, командамен бірлесе жұмыс жасауға талпынады. Нәтижені болжайды.	Қанағаттанарлық деңгейде орындалған, коммуникацияға бейімділігін көрсете алмайды. Дегенмен, жоба құрастыру бойынша жұмыс тобымен, командамен ортақ тіл табысуға талпынады. Нәтижені болжауға тырысады.	Материалдары талапқа сай емес, аудитория алдында сөйлеуі төмен. Жоба құрастыруда белсенділік танытпайды, тек өзгелердің пікіріне қосылады. Жұмыс тобымен, командамен бірлесе жұмыс жасауға ықтиярсыздық білдіреді. Нәтижені болжап, түсіндіре алмайды.

**МӨЖЗ «Өзін-өз тану» оқу курсы мазмұнындағы «4Т» - транс, традишн, транспаренси, толеранс) ұғымдарының өзін-өзі танудағы мәні презентация түрінде жеке қорғау**

Критерийі	«Өте жақсы» % макс. салмағы 22-25%	«Жақсы» % макс. салмағы 21-18%	«Қанағаттанарлық» % макс. салмағы 17-15%	«Қанағаттанарлықсыз» % макс. салмағы % 0-10%
Презентация құрастыруға байланысты өзін-өзі дамыту теорияларын, тұжырымдамаларды түсінуі	Магистрант тапсырмаға сәйкес презентацияның мақсаттары мен міндеттерін белгілеу, презентацияның мазмұнын және дизайнын анықтау, презентация жасау рәсімі (мәтін енгізу, кірістіру нысандары, анимацияны кірістіру) көрсетілім көрсету талаптарын қолдана алған. Мәселенің шешімін табуда ғылыми еңбектерге сүйеніп, талдау жасаған. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің	Тапсырманы орындауда презентацияның мазмұнын, жасау рәсімі (мәтін енгізу, кірістіру нысандары, көрсетілім көрсету талаптарын қолдана алған. Слайд жасауы, теориялық материалдарды орынды қолдануы және көпшілік алдында қорғауы	Магистрант тапсырманы тақырыпты толық түсіне алмаған. Тапсырмаға қатысты теориялар көрсетілген ұғымдар бойынша жалпы түсінігі бар, алайда презентацияның талаптарына терең бойлай алмайды. Слайд жасауда кемшіліктер жібереді. Ұғымдардың тек қысқаша сипаттамасын ұсынады. Анықтамалары айқын емес.	Өзін-өзі тану» оқу курсының мазмұнындағы «4Т» - транс, традишн, транспаренси, толеранс) ұғымдарының өзін-өзі танудағы мәнін аша алмаған. Тапсырма салғырт орындалған, магистранттың өз ойы, пікірі көрінбейді.

	дәлелдерімен негіздей алады.	жақсы.		
Презентация құрастыруға қойылатын талаптар легін ұғынуы, зерттеушілік бағытта талдай алуы	Магистранттың зерттеушілік қабілеті нақты байқалады, ғылыми еңбектерге талдау жасап, тапсырма мазмұнындағы өзін-өзі тану ұғымдарына теориялық тұрғыдан нақты түсінік беріп, слайдтарда көрсете алған. Өзі сөзімен қорғай алады, пікірі тиянақты, қосымша материалдарды қолданады.	Магистрант тақырыпты түсінеді, презентация құрастыруға қойылатын талаптарға сәйкес зерттеушілік танытады. Жұмысын қорғауда көп ізденген.	МӨЖ жұмысында біршама олқылықтар кездеседі, тақырып толық ашылмаған. Көбінесе жалпылама әдістерге сүйенеді. Слайд жасауда ұтқырлық көрсете алмайды. «4Т» - транс, традишн, транспаренси, толеранс) ұғымдарының мәнін аша толық алмаған.	МӨЖ талапқа сай емес, көшірме түрінде ұсынылған. Презентация құрастыру бойынша түсінігі әлсіз. Өз ойын зерттеушілік бағытта жеткізуде қиындықтары бар.
Презентация құрастыру бойынша маңызды ұсыныстар беруі практикалық ұсыныстар	Презентация жасауда құзыреттілік танытады, ұсыныс бере алады, тапсырманың практикалық сипаты басым, теорияны ұштастыра білген. Техникалық құралдармен жұмыс жасай алуы жоғары, Рәсімделуі талапқа сәйкес келеді. Көпшілік алдында өз ойынашық, дәлелді мысалдармен жеткізе алады. Ұсыныстары нақты және дәлелді.	Магистрант презентация жасауда ынталылық танытады, өз пікірімен тақырыпты талдай алған. Өзін-өзі тану теорияларын біледі, теориялық тұрғыда жақсы, практикалық бағыты басым. Ұсынысы бар.	Презентация жасауда цифрлық оқыту талаптарын толық қолдана алмайды. Жұмыстың практикалық маңыздылығы, безендендірілуі әлсіз. Ұсыныстары нақты және практикалық маңызды емес.	Жұмыстың орындалуы сапасыз. Өзінің ойы, пікірі ашық айтылмаған, ұсыныстары жоқ. Слайдтарының безендендірілуі төмен. Презентация құрастыру бойынша маңызды ұсыныстар бермеген.
Жұмыс тобы немесе командамен жұмыс	Тұсаукесерде жұмыс тобымен, командамен бірлесе жұмыс жасай алады. Нәтижені болжап, дәлелдей алады.	Жұмыс тобымен, командамен бірлесе жұмыс жасауға бейім. Нәтижені болжайды.	Коммуникацияға бейімділігін көрсете алмайды. Жұмыс тобымен, командамен ортақ тіл табысуға талпынады.	Материалдары талапқа сай емес, аудитория алдында сөйлеуі төмен.

**МӨЖ4. «Адам әлемі»: Әл- Фараби, Абай, Шәкәрім және Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы адамның жетілуі мен кемелденуі мәселесі (эссе жазу )**

Критерийі	«Өте жақсы» % макс. салмағы 22-25%	«Жақсы» % макс. салмағы 21-18%	«Қанағаттанарлық» % макс. салмағы 17-15%	«Қанағаттанарлықсыз» % макс. салмағы 0-10%
Өзін-өзі танудың теориялық – әдіснамалық негіздерін, тұжырымдамаларын түсінуі	Магистрант өзінің субъективті пікірі, көзқарасы мен ойын еркін жеткізіп, эссе жазудың талаптарын дұрыс қолдана алған. Мәселенің шешімін ғылыми еңбектерге сүйеніп талдаған. Эссе жазуда логикалық тізбек: кіріспе, негізгі және қорытынды абзац түрінде біртұтас құрылым сақталған. Өзіндік көзқарасын мысалдар келтіре отырып салыстырады, ассоциацияларды қолданады. Абай, Шәкәрім және Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы адам проблемасын өзін-өзі тану теориясы мен әдіснамасы тұрғысынан «проблеманы анықтау-ойлану - жоспарлау - жазу – тексеру» құрылымында ғылыми негіздейді.	Эссе жазу барысында магистрант өзінің ойын, жеткіз еалған, эссе жазудың талаптарын дұрыс қолданған. Логикалық құрылымда кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды деп бөліп жазған. Пікірін аргументтер мен мысалдар арқылы дәлелдейді. Өз көзқарасын түсіндіріп жаза алады. Адам проблемасын үш ғұламаның шығармаларынан мысал келтіре отырып талдайды.	Магистрант тақырыпты толық түсіне алмаған. Аргументтері әлсіз, аналитикалық талдау жоқ. Деректер мен дәйектерде өмірден алынған жағдайларды мысалдармен зерделей алмайды. Ойын жинақы, нақты, анық етіп жаза алмаған. «Адам әлемі, адамның жетілуі мен кемелденуі» мәселесі толық ашылмаған.	Тақырып ашылмаған. Магистрант көрсетілген мәселені түсінбеген. Ойын жинақы, нақты, анық жаза алмаған. Эсседе кем дегенде екі нақты мысал болғаны дұрыс, магистрант мұны назарға алмаған. Әл-Фараби, Абай, Шәкәрім және Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы адамның жетілуі мен кемелденуі мәселесі мүлдем ашылмаған.
Пәннің теориялық және практикалық аспектілерін, басқа ғылымдармен байланысын	Магистрант пәннің теориялық және практикалық аспектілері мен басқа ғылымдармен байланысын талдауда зерттеушілік қабілет таныта алған. Акмеологиялық, аксиологиялық негізде адамның кемелденуі, жетілуі проблемасын өзін-өзі тану	Магистранттың зерттеушілік қабілеті анық байқалады, ғылыми еңбектерге талдау жасап, тапсырма мазмұнындағы өзін-өзі тану ұғымдарына акмеологиялық	Магистранттың зерттеушілік қабілеті анық байқалады, ғылыми еңбектерге талдау жасап, тапсырма мазмұнындағы өзін-	МӨЖ талапқа сай емес, көшірме түрінде ұсынылған. Эссе жазу бойынша түсінігі әлсіз. Өз ойын көрсете алмайды, тақырыпты нақты




эссе тақырыбына сәйкес түсініп, талдай алуы	үдерістерінің аймағында көрсете алған. Мәселенің басқа ғылымдармен байланысын түсінеді, талдай алады. Өзінің ойын бекіту мақсатында теориялық зерттеулерге сілтемелер жасап қорытынды пікір айтады. Эссе тақырыбын нақты дәлелдемелермен шешу, жұмыстың академиялық стильде жазылуы, магистранттың өзіндік тұжырым жасауы, ұғымдар мен құбылыстарды талдау кезінде салыстыру мен жинақтау тәсілдерін қолдануы дұрыс.	, аксиологиялық адамның кемелденуі, жетілуі проблемасын өзін-өзі тану үдерістерінің аймағында көрсете алған.	өзі тану ұғымдарына акмеологиялық , аксиологиялық адамның кемелденуі, жетілуі проблемасын өзін-өзі тану үдерістерінің аймағында көрсете алған.	дәлелдемелермен шешуде магистранттың өзіндік тұжырым жасауы, ұғымдар мен құбылыстарды талдау кезінде салыстыру мен жинақтау тәсілдерін қолдана алу қабілеті төмен. Мәселеге бойлай алмайды, түсінік беруде киналады.
Эссе жазу бойынша маңызды ұсыныстар беруі практикалық ұсыныстар	Ұғымдар мен құбылыстарды талдау кезінде салыстыру мен жинақтау тәсілдерін қолданады. Акмеологиялық, аксиологиялық теориялар тұтастығында адамның кемелденуі, жетілуі проблемасын өзін-өзі тану үдерістерінің аймағында біледі, қосымша ізденеді. Эссе жазу бойынша нақты, дәлелді ұсыныстар бере алады.	Әлеуметтік педагог ретінде тұлғаның кемелденуі, өзін-өзі жетілдіруі мәселесін түсінеді, өз пікірімен тақырыпты талдайды. Акмеологиялық, аксиологиялық теориялар тұтастығында адамның кемелденуі, жетілуі проблемасын біледі. Ұсынысы бар.	Теориялық талдау жасауда адамның жетілуі мен кемелденуі мәселесін акмеологиялық, аксиологиялық тұрғыда толық көрсете алмаған. Жұмыс бойынша ұсыныстары әлсіз.	Жұмыстың орындалуы сапасыз. Өзінің ойы, пікірі ашық айтылмаған, ұсыныстары жоқ. Эссе талаптарын білмейді. Сөздік қоры жұтаң, көпшілік алдында ойын толық жеткізе алмайды. Ұсыныстары жоқ.
Академиялық жазу, зерттеушілік дағдылар	Берілген МӨЖ тапсырмасының орындалуында мәселені берілген тақырып аясында нақты дәлелдемелермен шеше алуы, жұмыстың академиялық стильде жазылуы, өзіндік тұжырымдардың берілуі, мағыналық тұтастық, ой байланыстылығы, мазмұндаудың жүйелілігі, ұсынылған тезистердің сауатты дәлелдемелермен дәйектелуі, цитаталарды қолдану мен рәсімдеудің эссе талаптарына сәйкестігі, орфография мен пунктуация ережелерінің сақталуында магистранттың академиялық жазу, зерттеушілік дағдыларды толық меңгергені байқалады. Нәтиже нақты әрі теориялық тұрғыдан дәйекті.	Магистранттың жұмысты академиялық стильде жаза алуы, пікірлерінің дәлелдемелермен дәйектелуі, ұғымдар мен құбылыстарды талдау кезінде салыстыру мен жинақтау тәсілдерін қолдана алу қабілеті, магистранттың академиялық жазу, зерттеушілік дағдыларды білетіндігін көрсетеді. Нәтижені болжай алады.	Өздік жұмыс қанағаттанарлық деңгейде орындалған. Дей тұрғанмен, магистрант академиялық жазу, зерттеушілік дағдылар бойынша құзыреттілік таныта алмайды. Пән бойынша алған білімін эссе жазуда көрсете алмайды.	Материалдары талапқа сай емес. Эссе жазуда өзіндік ізденіс, белсенділік танытпайды, тек интернет материалдарымен шектеледі. Жазуда орфография мен пунктуация ережелерінің сақталуына мән бермейді, бұл магистранттың академиялық жазу, зерттеушілік дағдыларды білмейтіндігін байқатады.

**МӨЖ 5. Адам өміріндегі жалпыадамзаттық құндылықтар иерархиясы (презентация)**

Критерийі	«Өте жақсы» % макс. салмағы 22-25%	«Жақсы» % макс. салмағы 21-18%	«Қанағаттанарлық» % макс. салмағы 17-15%	«Қанағаттанарлықсыз» % макс. салмағы 0-10%
Презентация құрастыруға байланысты өзін-өзі дамыту теорияларын, тұжырымдамаларды түсінуі	Магистрант тапсырмаға сәйкес презентацияның мақсаттары мен міндеттерін белгілеу, презентацияның мазмұнын және дизайнын анықтау презентация жасау рәсімі (мәтін енгізу, кірістіру нысандары, анимацияны кірістіру) көрсетілім көрсету талаптарын қолдана алған. Мәселенің шешімін табуда ғылыми еңбектерге сүйеніп, адам өміріндегі жалпыадамзаттық құндылықтар иерархиясына талдау жасаған. Аргументтерді	Тапсырманы орындауда презентацияның мазмұнын, жасау рәсімі (мәтін енгізу, кірістіру нысандары, көрсетілім көрсету талаптарын қолдана алған. Слайд жасауы, теориялық материалдарды орынды қолдануы және көпшілік алдында қорғауы жақсы. Адам өміріндегі жалпыадамзаттық құндылықтар	Магистрант тапсырманы тақырыпты толық түсіне алмаған. Тапсырмаға қатысты теориялар көрсетілген ұғымдар бойынша жалпы түсінігі бар, алайда презентацияның талаптарына терең бойлай алмайды. Адам өміріндегі жалпыадамзаттық құндылықтар иерархиясын дұрыс	Тапсырма салғырт орындалған, магистранттың өз ойы, пікірі көрінбейді. Магистрант презентацияның мақсаттары мен міндеттерін белгілеу, презентацияның мазмұнын және дизайнын анықтау



	эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен негіздейді.	иерархиясын түсіндіріп жеткізе алады.	жіктей алмайды. Слайд жасауда кемшілдіктер жібереді. Ұғымдардың тек қысқаша сипаттамасын ұсынады, аналитикалық талдау жоқ. Анықтамалары айқын емес.	презентация жасау талаптарын толық орындай алмаған. Адам өміріндегі жалпыадамзаттық құндылықтар иерархиясын жіктей алмайды.
Презентация құрастыруға қойылатын талаптар легін ұғынуы, зерттеушілік бағытта талдай алуы	Магистранттың зерттеушілік қабілеті анық байқалады, ғылыми еңбектерге талдау жасап, тапсырма мазмұнындағы өзін-өзі тану ұғымдарына теориялық тұрғыдан нақты түсінік беріп, слайдтарда адам өміріндегі жалпыадамзаттық құндылықтар иерархиясын көрсете алған. Қосымша материалдарды қолданады.	Магистрант тақырыпты түсінеді, презентация құрастыруға қойылатын талаптарға сәйкес зерттеушілік танытады. Жұмысын қорғауда ізденген, көпшілік алдында қарым-қатынасқа түсе алады.	МӨЖ жұмысында біршама олқылықтар кездеседі, тақырып толық ашылмаған. Көбінесе жалпылама әдістерге сүйенеді. Слайд жасауда ұтқырлық көрсете алмайды.	МӨЖ талапқа сай емес, көшірме түрінде ұсынылған. Презентация құрастыруы төмен. Тақырыпты өзін-өзі тану теориялары негізінде мүлдем талдай алмайды. Өз ойын жеткізуде киналады.
Презентация құрастыру бойынша маңызды ұсыныстар беруі практикалық ұсынымдар / ұсыныстар	Зерттеушілік бағытта ұсыныс бере алады, практикалық сипаты басым, адам өміріндегі жалпыадамзаттық құндылықтар иерархиясын өзін-өзі тану теориялары сабақтастығында қарастыра алған. Қорытынды жасауы және ұсыныстары нақты.	Магистрант тақырыпты талдай алған. Өзін-өзі тану теорияларын жақсы біледі, қосымша ізденеді, адам өміріндегі жалпыадамзаттық құндылықтар иерархиясын теориялық тұрғыда жақсы түсінген. Ұсынысы бар.	Толық талдау мен жинақтау көрінбейді. Жұмыстың маңыздылығы аз, ұсыныстары әлсіз. Адам өміріндегі жалпыадамзаттық құндылықтар иерархиясын өзін-өзі тану теориялары сабақтастығында аша алмайды. Ұсыныстары нақтылауды қажет етеді.	Жұмыстың орындалуы сапасыз. Өзінің ойы, пікірі ашық айтылмаған. Сөздік қоры жұтаң, ұсыныстары маңызды, нақты емес және тақырыппен сәйкеспейді.
Жұмыс тобы немесе командамен жұмыс	Магистранттың берілген тапсырманы презентация түрінде түсіндіріп жеткізуі, командамен, топпен ынтымақтастықта жұмыс жасай алуы оның кәсіби құзыреттіліктерін танытады. Презентация құрастыруы, тақырыпты ашуы теориялық тұрғыда дұрыс, практикалық бағытта жеткілікті талданған, рәсімделуі талапқа сәйкес келеді. Көпшілік алдында өз ойын анық жеткізе алады. Тұсаукесерде жұмыс тобымен, командамен бірлесе жұмыс жасай біледі.	Слайдтары жақсы дайындалған, сөз мәнері дұрыс. Теориялық мәселені нақтылай түсу қажет. Жұмыс тобымен, командамен бірлесе жұмыс жасауға талпынады. Нәтижені болжайды. Коммуникацияға бейімділігі байқалады. Ойын толық жеткізеді, мәдениетін, сөйлеу әдебін дұрыс қолданады.	Магистранттың жұмысы қанағаттанарлық деңгейде орындалған, теориялық мәселелерді практикамен ұштастыра алмаған. Жалпыадамзаттық құндылықтар иерархиясын жіктеп көрсетпеген. Коммуникацияға бейімділігін көрсете алмайды. Дегенмен, тұсаукесер бойынша жұмыс тобымен, командамен ортақ тіл табысуға талпынады.	Материалдары талапқа сай емес, аудитория алдында сөйлеуі төмен. Презентация құрастыруда белсенділік танытпайды, тек өзгелердің пікіріне қосылады. Жұмыс тобымен, командамен бірлесе жұмыс жасауға ықтиярсыздық танытады.

Декан  Мейірбаев Б.Б.  
 Кафедра меңгерушісі  Әлқожаева Н.С.  
 Дәріскер  Әрінова Б.А.